

Қазақстан Республикасына мұнай өнімдерін жеткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 439 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 шілдеде № 11655 болып тіркелді

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңы 18-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2015 жылдың 20 маусымынан бастап 20 шілдесін қоса Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына темір жол көлігімен дизель отынын (ЕЭО СЭҚ ТН коды 2710 19 350 0 – 2710 19 480 0) әкелуге тыйым салу енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау туралы хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік к ә с і п о р н ы н а жіберуді ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Бірінші вице-министрі Ұ.С.Қарабалинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Энергетика министрі

Қазақстан Республикасының
В. Школьник

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Министрінің М. а.

----- А. Рау

27 маусым 2015 жыл

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

----- Е. Досаев

30 маусым 2015 жыл